



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС
2019

Бұл есеп бүкіл әлем бойынша COVID-19 пандемиясы орын алған кезде шығарылуда. Осы уақытта бір-бірімізге қолдау көрсету аса маңызды. Өз компаниямызда біз арнайы шараларды жедел қабылдадық. Мәселен, жұмыскерлерімізді жеке қорғаныс құралдарымен қамсыздандырдық, ағымдағы жұмысты үйден атқару мен денсаулықты бақылауды енгіздік, кеңседен тыс өткізілетін жұмысқа шектеу қойдық, сондай-ақ дағдарыс уақытында жұмыскерлер саны мен жалақы көлемін бұрынғы деңгейде сақтадық. Бұған қоса, қоғамның шұғыл қажеттіліктерін ескере келе, Филип Моррис Қазақстан еліміздегі пандемияның салдарын еңсеру үшін заттай, қаржылық және гуманитарлық көмек көрсетуде.

МАЗМҰНЫ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

- 06 Компания туралы ақпарат
- 08 БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)
- 10 Тұрақты даму – бизнестің ғаламдық стратегиясының негізі
- 14 Қызметтік этика
- 16 Жеткізу тізбегі

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

- 20 Негізгі қағидалар
- 22 Энергия қорын тиімді пайдалану және қалдықтар санын азайту
- 24 Қалдықтарды басқару
- 26 Жасыл кеңсе
- 28 Экология саласындағы мәдениет
- 30 Еңбек қауіпсіздігі

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

- 36 Қызметкерлер құрамы
- 38 Жұмыскерлердің құқықтары
- 40 Еңбекке ақы төлеу мен әлеуметтік пакет
- 42 Бағалау және ілгері жылжыту
- 44 Жұмыскерлердің денсаулығы және әл-ауқаты
- 46 Жұмыскерлеріміздің қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

- 50 Негізгі бағыттар
- 52 Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы
- 58 Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек
- 60 Іле ауданында жергілікті қауымдастықтарды қолдау
- 62 Ауылдық жерлердегі білім беру жобалары



Құрметті оқырман!

Сіздің назарыңызға Тұрақты даму туралы есебінің екінші санын қуанышпен ұсынамын. Бұл Есепте сіз компаниямыздың 2019 жылғы экологиялық және әлеуметтік бағыттарындағы нәтижелері туралы, сондай-ақ өз компаниямыздың болашағына көзқарасымыз жайында біле аласыз.

Компаниямыздың стратегиясы БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) іске асыруға бағытталған. Жергілікті қоғамның компаниямыздан нені күтетіні және біз ТДМ жүзеге асырылу үшін не істей алатынымызды анықтау үшін, 2019 жылы біз халық, қоғамдық және мемлекеттік ұйым өкілдері арасында сауалнама жүргіздік. Әрине, темекі компаниясының ең үлкен үлесі никотинді тұтынудан бас тартқысы келмейтін темекі шегушілерге балама темекі өнімдерін ұсыну болып табылады. Сонымен қатар, қазақстандықтарды қоршаған ортаны және адам құқықтарын қорғау, қайырымдылық жобалары сынды мәселелердің шешімі де алаңдатады.

Филип Моррис Қазақстан үшін өткен жыл қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктеріміздің **«Экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында «Парыз» мемлекеттік марапатымен** ерекше белгілі болды.

Қоғамда ірі компанияларға жұмысы барысында қоршаған ортаға қамқорлық пен үздіксіз экономикалық өсуді ұштастыру қиын деген түсінік қалыптасқан. Алайда Филип Моррис Қазақстан өз қызметімен бұның мүмкін екенін дәлелдейді. Біз қоршаған ортаға деген әсерімізді өндірістің барлық кезеңдерінде азайтуға ұмтыламыз – және жетістікке жетудеміз. 2019 жылы біз кеңседе ақылды жарықтандыру жүйесін орнаттық, өндірістік жабдықтарды жаңғырттық, су жылытқыштары үшін күн панельдерін орнаттық, өндірістік ғимараттың жылу оқшаулағышын жасадық, нәтижесінде біз парник газдарының шығарылымын айтарлықтай қысқартып және электр энергиясын үнемдеуге қол жеткіздік. 2013 жылмен салыстырғанда өндірістік қызметпен байланысты көміртегі шығарылымдары екі еседен артық төмендеді. Ал қалдықтарды қайта өңдеуге келсек, бұлардың шамамен 90% -ы қайта өңдеуге жіберіледі.

Өз қағидаларымызды қызметкерлердің еңбек пен дамуы үшін қолайлы жағдай жасауда да ұстанамыз және бұл олардың атқаратын лауазымына, жынысына, ұлтына және басқа да факторларына қарамастан жүзеге асырылады. Ал жаңа қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде кәсіби мүмкіндіктер мен сіңірген еңбегі шешуші өлшем болып қала береді. Equal Salary

Foundation және PwC халықаралық аудиттерінен сәтті өтіп, **Филип Моррис Қазақстан қазақстандық компаниялардың ішінде бірінші болып Equal Salary сертификатына ие болды.**

Компания тек жұмыскерлерінің қамын ойлаумен шектелмейді: біздің әлеуметтік жобаларымыз Алматы облысында және одан тыс жерлерде жақсы танымал. Еңбекшіқазақ ауданының фермерлерімен бірге біз «Шелек фермерлері» брендінің қалыптастырдық. Бес жыл бойы біздің фермерлер көкөніс өсірудің заманауи технологияларын игеріп – тұқым отырғызу, тауарын өткізу сынды бизнес тәсілдерін меңгерді. Бүгінде олардың өнімдері алматылықтар үшін жақсы таныс және жоғары сұранысқа ие. Іле ауданында аса қажеттіліктері бар жандарға кәсіби білім алуға көмектесеміз, ал 2019 жылы бағдарлама серіктесі «Прогресс» колледжі қатарынан 10-шы рет ересек оқушыларды қабылдады. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік осал топтарындағы адамдарды бизнес жүргізуге үйретеміз және кәсіпкерлікте алғашқы қадамдарын жасауға көмектесеміз.

Бірақ бизнестің одан әрі тұрақты дамуы үшін біз қоғамның басты сұрағына жауап беруіміз керек –никотиннен бас тартқысы келмейтіндер үшін темекіге балама ұсыну. 10 жылдан астам уақыт бұрын Филип Моррис Интернэшнл тәуекелі төмен өнімдерді әзірлей бастады және бүгін біз кәмелеттік жасқа толған темекі шегушілердің қажеттіліктеріне жауап беретін және, темекі шегумен салыстырғанда, денсаулыққа зиянды азайтуда әлеуеті бар түтінсіз өнімдерді ұсынамыз. Біз Unsmoke және #unsmokeyourmind бастамасын іске қостық. Бұл - біздің бұрыннан бері қажетті диалогты бастауға деген шынайы талпынысымыз. Бұл әрекет етуге шақыратын жаһандық үндеу барша адамдарға - темекі шегушілерге, темекі шекпейтіндерге, қоғамдық пікір көшбасшыларына, өзгерістер бастамашыларына, заңдарды қарап, қабылдаушыларға - арналады. Бұл - бірлесуге шақыру және миллиардтаған темекі шегушілер үшін ең жақсы болашақ және барлығымыз үшін ең жақсы әлем құруға көмектесу. Біз адамдарға мына ойды жеткізіміз келеді: «Егер темекі шекпесеңіз, онда бастамаңыз. Егер темекі шексеңіз - тастаңыз. Егер тастағыңыз келмесе, өзгеріңіз».

2020 жылы біз тұрақты даму қағидаларын толығымен ұстануға және, COVID-19 пандемиясынан туындаған қиын жағдайға қарамастан, жоспарланған бағдарламаларды жүзеге асыруға ниеттіміз.

Сізге жағымды әрі қызықты оқу тілеймін!

Хуан Карлос Эскобар,
«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС басқарушы директоры

ТҰРАҚТЫ ДАМУ
СТРАТЕГИЯСЫ

Филип Моррис Интернэшнл туралы ақпарат

Филип Моррис Интернэшнл (ФМИ) темекіден бас тартқысы келмейтін кәмелетке толған шылым шегушілер үшін, сондай-ақ қоғам, компания мен оның акционерлері мүддесінде темекі түтінінсіз болашақты қалыптастыруға және, сайып келгенде, темекіні түтінсіз өнімдермен алмастыру үшін темекі өндірісін өзгертуде. ФМИ – АҚШ-тан тыс нарықтарда темекі мен түтінсіз өнімдерді өндіріп және сатумен айналысатын жетекші халықаралық компаниялардың бірі. Сондай-ақ, АҚШ Тамақ өнімдері мен дәрі-дәрмектер сапасын қадағалау басқармасының сәйкес рұқсатнамасын алып, ФМИ лицензиялық келісім бойынша өзінің IQOS құрылғысы мен оның тұтынымдарын және Altria Group, Inc. компаниясына АҚШ аумағында сату үшін жеткізеді.

ФМИ түтінсіз өнімдердің жаңа санатына негізделген болашақты қалыптастыруда. Бұл өнімдер толықтай зиянсыз болмаса да, темекі шегуге әлдеқайда жақсы балама болып табылады. Өнімдерді әзірлеу саласындағы кең мүмкіндіктердің, техниканың соңғы үлгісі бойынша жасақталған өндірістердің және темекі индустриясындағы ең озық ғылыми дәлелді базасының арқасында ФМИ кәмелеттік жасқа толған тұтынушылардың кең ауқымына және заңнаманың қатаң талаптарына жауап беретін түтінсіз өнімдердің портфолиосын ұсынуға ұмтылады. IQOS бренді ФМИ түтінсіз өнімдерінің түрлері темекіні қыздыру жүйесін және құрамында никотині бар электрондық темекіні қамтиды. ФМИ мәліметіне сәйкес, 2019 жылдың соңында бүкіл әлемде 9,7 млн астам кәмелетке толған шылымқорлар темекі шегуді тастап, 52 елде IQOS брендімен қол жетімді ФМИ компаниясының түтінсіз өнімдеріне ауысты.

2019 жылы компанияға, ҚХР мен АҚШ-ты есептегенде, әлемдік темекі және темекі қыздыру бұйымдары нарығының 28,4%-дан астамы тиесілі болды. ФМИ MARLBORO — әлемдегі ең жоғары сұранысқа ие халықаралық маркасы - және танымалдығы бойынша үшінші L&M маркасы бастаған сауда маркаларының күшті және түрлі ассортиментіне ие.

Филип Моррис Қазақстанда

Филип Моррис Қазақстан (ФМК) - бұл толық өндіріс циклы мен Қазақстандағы ірі қалаларында алты аймақтық кеңсесі бар заманауи темекі фабрикасы. Фабрикада өнім 250-ден астам параметрлерге негізделген тұрақты сапа бақылауынан өтеді. Бұл, өз кезегінде, Қазақстандағы фабрикада өндірілген темекілердің ең жоғары халықаралық стандарттарға жауап беретіндігіне кепілдік береді. Компания Алматы облысындағы жүйе құраушы кәсіпорын болып табылады және Қазақстанның 15 ірі салық төлеушілерінің тізіміне кіреді.

2016 жылы IQOS брендімен тәуекелі төмен өнімдердің бірі («ТТӨ»¹) Қазақстанда ұсынылды және қазір еліміздің 10 қаласында бөлшек саудада, сондай-ақ бүкіл ел бойынша онлайн сатылымда бар.

- 2019 жылы 95,5 млрд теңгеден астам салық төленген

- Қазақстанда 780-нен астам жұмыскерлері бар

- 2019 жылы Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Ауғанстан және Өзбекстанға 1,3 миллиардтан астам темекі экспортталды²;

- Қазақстандағы инвестиция көлемі бүгінгі күнде² 520 млн. доллар құрайды;

- 2019 жылы ҚХР-ға 580 тоннадан астам кесілген темекі экспортталды².

¹Тәуекелі төмен өнімдер (ТТӨ) - темекі шегуді жалғастыру кезінде денсаулыққа зиян келтіру қаупімен салыстырғанда, осы өнім түрлеріне ауысқан темекі шегушілердің денсаулығына зиян келтіру қаупіне ие немесе ықтимал зиян келтіруі мүмкін өнімдерді белгілеу үшін ФМИ пайдаланатын термин. Біздің ТТӨ әзірлеудің, ғылыми бағалаудың және коммерцияландырудың әртүрлі сатыларында тұр. Сонымен қатар, ТТӨ пайдалану кезінде темекі жанбайтындықтан зиянды және ықтимал зиянды заттардың мөлшері темекі түтініне қарағанда айтарлықтай төмен.

²«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС мәліметтері

БҰҰ-ның тұрақты даму мақсаттары (ТДМ)

Жеткізу тізбегінен бастап темекі өнімдерін өндіру мен дистрибуциясына дейін қоршаған ортаға әсер ету дәрежесін төмендету бойынша халық тұтынатын тауарларды өндіретін компаниялар арасында ФМИ 50 көшбасшылардың қатарына кіреді*.

Темекі компаниясының шынайы тұрақтылығы оның өнімінің денсаулыққа теріс әсерін жоюдан басталады. Бұл, ең алдымен, темекіге қарағанда зияны аз баламаларды әзірлеумен қатар қызметіміздің шеңберінде әлеуметтік және экологиялық бастамаларды бір мезгілде басқаруды білдіреді.

Тұрақты дамуға қол жеткізудің нақты мақсаттар қоюға көмектесетін стратегия 4 негізгі бағытқа негізделеді:

- бизнесті трансформациялау - классикалық темекіден түтінсіз өнімдерге көшу;
- операциялық процестерді жақсарту;
- қоғамның дамуына үлес қосу;
- қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету.

Тұрақты даму саласындағы біздің жұмысымыз қоғамның болжамдарына сай келуі үшін 2019 жылы біз ҰЕҰ, мемлекеттік құрылымдар өкілдері мен халық арасында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік тақырыбына сауалнама жүргіздік. Сауалнама нәтижелері қоршаған ортаны қорғау, адам құқықтарын қорғау және қайырымдылық компаниялардың әлеуметтік жауапкершілігінің негізгі индикаторлары болып табылатынын көрсетті. Сауалнама нәтижесінде компания ең көп үлес қоса алатын БҰҰ-ның ТДМ анықтауға мүмкіндік берді:

БҰҰ
ТДМ



*Қосымша ақпаратты www.50climateleaders.com сайтынан алуға болады.



3

Темекі шегу ауыр дерттердің шалдығуына себепкер бола алады. Темекіні жанбайтын, зияны азырақ баламалармен алмастыру арқылы біз өнімдеріміздің кері әсерін айтарлықтай төмендете аламыз.



4

Жергілікті қауымдастықтар деңгейінде мұқтаждарға көмек көрсету бизнесіміз бар әлемнің барлық елдерінде ортақ құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жергілікті деңгейде көрсетілетін қолдауымыз жергілікті қауымдастықтардың қажеттіліктеріне атқарылады. Қазақстандағы бағдарламаларымыз сапалы білімге қол жеткізуді, кәсіптік оқытуды, негізінен ауылдық жерлерде экономикалық мүмкіндіктерді кеңейтуді қамтиды.



8

Біз барлық қызметкерлеріміз үшін жақсы еңбек жағдайын қамтамасыз етеміз және біздің мердігерлеріміз де осы қағидаттарды ұстанады деген үміттеміз.



12



14

Біз өндірістің барлық кезеңдеріне әлемдік стандарттарға сай әзірленген экологияға жауапты қарым-қатынас бағдарламаларын енгіземіз.



15



16

Өкінішке орай, темекі - әлемдегі заңсыз өнімдердің ең танымал түрлерінің бірі. Бұл мәселе экономика мен бизнестің, соның ішінде өз бизнесіміздің, дамуына кедергі жасайды. Бұны шешу біз мемлекеттік және мемлекеттік емес серіктестерімізбен жұмыс жасаймыз.

Тұрақты даму – бизнестің ғаламдық стратегиясының негізі

Көп жылдар бойы біздің компаниямыз, тіпті күн сайынғы жұмыстың болмашы жайларын ескеріп, бизнесті одан әрі тұрақты ету үшін жұмыс істейді. Соңғы жылдары тұрақты даму саласындағы бастамалар саны айтарлықтай көп болды. Күш-жігеріміздің ортасына біз өнімімізді қойдық. Жүз жылдан астам ФМИ темекі шығарып, олардың 6 бренді әлемдегі ең танымалдылардың тізіміне кіреді. Ал бірнеше жыл бұрын біз маңызды шешім қабылдадық – өз өніміміз бен бизнесімізді өзгерту арқылы темекінің зияны аз баламасын жасап, қоғам тілегін орындау. Бүгін біз борышымызды әлемді темекі түтінінен арылту деп көріп отырмыз. Біз шылым шегу денсаулыққа зиян келтіретінін түсінеміз, сондықтан қазір темекі шегуге әлдеқайда жақсы балама болып табылатын түтінсіз өнімдерге негізделетін болашағымызды қалыптастырудамыз.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) мәліметінше, бүгінде әлемде миллиардтан астам темекі шегушілер бар және көз жетерлік келешекте олардың саны өзгермейді. Біз миллиондаған темекі шегетін ерлер мен әйелдердің алаңдаушылығын түсінеміз. Олар денсаулыққа зияны аз болатын және сұраныстарына сай келетін темекінің баламасын табуға тырысады. Сол себепті біз оларға осындай таңдау жасау үшін жұмыс істейміз.

Соңғы он жыл ішінде ФМИ қыздырылатын темекі мен құрамында темекі жоқ өнімдерден тұратын түтінсіз өнімдердің ассортиментін әзірлеуге, ғылыми зерттеулерге, өндіру мен нарыққа шығаруға 7 млрд. АҚШ долларынан астам қаржы жұмсады. Осындай өнімнің тұңғышы IQOS темекі қыздыру жүйесі болды, ол 2016 жылы Қазақстан нарығына шығарылды.

2019 жылдың соңында 9,7 миллионнан астам кәмелетке толған шылымқорлар темекі шегуді тастап, IQOS пайдаланды.


Зерттеулер мен әзірлемелер туралы қысқаша мәлімет³

IQOS - бұл инновациялық өнім, оның негізінде темекі буының (аэрозоль) жанусыз (түтігусіз) пайда болатын қыздыру процесі бар. Темекіні қыздыру жүйесін пайдалану кезінде IQOS жану процесі болмағандықтан, нәтижесінде күл түзілмейді, сондай-ақ темекімен салыстырғанда аз иіс бөлінеді. Зерттеулер кезінде анықталғандай, темекі түтінінде никотиннен⁴ басқа мыңдаған заттар бар, олардың көбісі зиянды. Жану процесін жою арқылы темекі тарту зияндылығын айтарлықтай төмендетуге болады. Бұл IQOS-та қолданылатын технология аясында жасалды. Темекі таяқшаларында темекі 350°C төмен температураға дейін қыздырылады, бұл жанатын темекідегі (900°C дейін) температурадан айтарлықтай төмен. Бұл температура темекі дәмі мен жұпар иісін ашу үшін және де жану процесінсіз-ақ никотинді алуға жеткілікті.

³Біздің ғылыми зерттеулеріміз туралы толығырақ www.PMIScience.com сайтынан білуге болады.

⁴Никотин – бұл алқа тұқымдас өсімдіктердің тамырларында және жапырақтарында жиналатын алкалоид. Никотин қызанақ пен картоптың жапырақтарында бар, бірақ ең көп шоғырлануы темекіде болады. Сергіту әсерін тудыратын никотин адамды өзіне мыңдаған жыл бұрын тартқан. Темекіні иіскеп және шайнап та көрген, дегенмен сол кезде никотинді шығарудың ең тиімді тәсілі құрғақ темекі жапырақтарын жағу болды — темекі шегу осылай пайда болды.

Біз шыны талшығынан Кембридж сүзгілерін пайдалана отырып, IQOS аэрозолінде зиянды заттарды өлшеп, стандартты темекі түтініндегі осы заттардың деңгейімен салыстырдық.





Біздің ғылыми зерттеу орталықтарымыз Швейцария мен Сингапурда орналасқан.



Бұларда 400-ден астам ғалым, инженер және басқа да зерттеу мен әзірлеу жөніндегі мамандар жұмыс істейді.




Инновациялық өнімді құрастыру барысында материалтану мен тұрмыстық электроникадан бастап клиникалық медицина мен жүйелік токсикологияға дейін 30 ғылыми және техникалық пәндер қолданылған.

ФМИ ғылыми зерттеулерінің көпдеңгейлі амал-тәсілдері:

- фармацевтикалық салада көп жылдан бері қолданылатын тәжірибеге, сондай-ақ Қауіптілік деңгейі өзгертілген темекі өнімдері бойынша FDA әдістемелік нұсқаулықтар жобасын қоса алғанда, АҚШ-тың (U.S. FDA) азық-түлік және дәрілік препараттардың сапасын бақылау жөніндегі басқармасының әдістемелік нұсқаулықтарына негізделген;
- тиісті зертханалық практика ережесі (GLP) және Тиісті клиникалық практика ережесі (GCP) сияқты халықаралық стандарттарды сақтау арқылы жүзеге асырылады;
- 4 600-ден астам патент алумен белгілі.

Түтінсіз өнімдерге ФМИ ресурстарын қайта тарату бизнестің негізгі трансформация тетігі болып табылады:

Ғылыми зерттеу шығындары
Ауқымды коммерциялық шығындар
IQOS-қа ауысып, темекі шегуді тастаған адамдар саны (миллион адам)



Қызметтік этика

Темекі түтінінсіз болашаққа қол жеткізуге қажетті бизнесіміздің трансформациясы күнделікті жұмыста қолданылатын берік қағидалар мен құндылықтарға негізделеді. Біз сыйластық, адалдық және әділдік мәдениетін, сондай-ақ компания қызметінің барлық салаларында ашық коммуникацияларды құруды жалғастырамыз.

Жауапты маркетинг және сатылымдар

Маркетинг адал, нақты және ашық болуы қажет. Маркетингпен байланысты іс-әрекеттерімізде біз дәл осы қағиданы ұстанамыз. Темекі өнімдері тұтынушылар үшін тәуекел тудыратынын білеміз, сондықтан сатылым және маркетинг мәселелеріне жауапкершілікпен қараймыз. Біз темекі және қыздырылатын темекі өнімдерімізді тек кәметке толған шылым шегушілерге ғана сатамыз. Ал маркетинг және сатуды ұйымдастыруға байланысты шараларды кәметке толмағандарға немесе темекі тартпайдындарға бағыттамаймыз⁵. Біз темекі өнімдерін тұтынуға байланысты денсаулыққа зиянды әсері туралы тұтынушыларды ескертеміз.

Өзіміздің ішкі ережелерімізді қолданыстағы заңнамадан қатал болса да қолданамыз. Маркетинг немесе сатылым барысында үшінші жақпен қатынасу кезінде біз олардың назарына жұмыс қағидаларымызды жеткіземіз және осы тұлғалардың әрекеттері құндылықтарымызға қатер төндірмей, ережелердің бұзылмауын қадағалаймыз.

Жемқорлық пен парақорлыққа қарсы әрекет

ФМИ мәдениеті мен парақорлық – үйлесімсіз ұғымдар, өйткені бұл әрекет құқықтың үстемдігін бұзады және қоғамға зиян келтіреді. Біз бұл ұстанымды үнемі ұстап келеміз. Біз ешқашан пара ұсынбаймыз әрі бермейміз, сондай-ақ компаниямыздың атынан ешкімге пара беруге рұқсат етпейміз. Біз кәсіби іс-әрекеттерге немесе оларды алушы тұлғаның шешіміне әсер етуі мүмкін кез келген сыйлықтарды немесе қызметтерді ұсынуға барынша мән береміз. Компания осы тақырып бойынша қызметкерлерге мерзімдік оқыту өткізеді.

⁵Компанияның тұтынушылармен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметінің мысалы, тікелей байланыс, жасы мен темекі шегушінің мәртебесі расталған, кәметке толған темекі шегушілерге қатысты ғана жүзеге асырылуы мүмкін.



Заңсыз темекі саудасына қарсы әрекеттер

ДДСҰ бағалауынша, әлемдегі әрбір оныншы темекі немесе темекі бұйымы заңсыз сауда объектісі болып табылады.

Темекі өнімдерін заңсыз сату тұрақты дамуға айтарлықтай әсер етеді, себебі көбінесе бұл ұйымдасқан қылмыспен байланысты және адам құқықтары, еңбек құқықтарының бұзылуына әкеліп, тіпті қоршаған ортаға кері ықпал етуі мүмкін. Темекі өнімдерінің заңсыз саудасы көптеген елдердің үкіметтері үшін проблема болып келеді, өйткені олар жыл сайын салық түрінде 40 млрд АҚШ доллары шамасындағы түсімнен айырылады.

Қазақстанда А.С. Nielsen компаниясы жүргізген зерттеу деректеріне сәйкес, 2019 жылы заңсыз темекі өнімдері нарығының үлесі 2,3% құрады. Бұл мәселенің ел экономикасы, қоғам және бизнес үшін қаупі бар. Мемлекеттік бюджет үшін айқын шығындардан басқа, темекінің көлеңкелі нарығы ұйымдасқан қылмысты қаржыландыру көзі болуы мүмкін. Темекі өнімдерінің заңсыз саудасын алдын алу біздің негізгі стратегиямыздың бірі болып табылады.

Біз ұзақ мерзімді қорғау мен алдын алу шараларын қолдану арқылы өз жеткізу тізбегімізді қауіпсіздендіреміз. Заңсыз темекі саудасымен күрес барлық мүдделі тараптардың өзара қарым-қатынасын қажет етеді.

2016 жылы ФМИ PMI IMPACT жаһандық бастамасы туралы жариялады. Оның шеңберінде заңсыз саудаға қарсы күресуге бағытталған мемлекеттік, жеке және үкіметтік емес ұйымдардың жобаларын әзірленуі мен жүзеге асырылуына қолдау көрсетіледі. Жобалар зерттеу бастамаларынан заңсыз сауданың жолын кесуге байланысты іс-шараларға дейінгі бағыттарды қамтуы мүмкін және темекі өнімдерінің заңсыз саудасына, сондай-ақ, заңсыз өнімдердің басқа да түрлеріне қарсы іс-қимыл жасауға бағытталуы мүмкін. Жобалық ұсыныстарды сыртқы тәуелсіз сараптамалық кеңес бағалайды, ол сондай-ақ, оларды іске асыру кезіндегі даму сатылары мен нәтижелерін қадағалайды.

Жеткізу тізбегі

Біз жоғары стандарттарымыз бен тұрақты даму қағидаларымызды ортақ деп есептейтін жеткізушілер және өндірушілерменен ғана жұмыс істейміз. Жаңа өнім берушіні таңдай отырып және қолданыстағыларын қайта бағалау кезінде, біздің серіктестеріміз компаниямыздың жұмыс қағидаларын қаншалықты басшылыққа алатынын тексереміз. Біз үшін бала және мәжбүрлі еңбектің пайдаланылуын, әрі жабдықтау жүйеміздегі еңбек қарым-қатынастарының басқа да бұзушылықтарын болдырмау өте маңызды.

Біздің компаниямыз Қазақстан Республикасының еңбек, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік салаларындағы заңнамасын толықтай орындайды. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік бойынша ішкі процедуралар мен ережелерге қоса біз фабрика мен кеңселердің аумағында қызмет көрсететін және жұмыс істейтін жабдықтаушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауына баса назар аударамыз.


306

Қазақстандағы жергілікті жеткізушілердің жалпы саны

85%

Қазақстандағы жергілікті мердігерлерден өндірістік емес тауарларды сатып алудың үлесі





ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ
ҚОРҒАУ

Негізгі қағидалар

Парник газдарының шығарылуы климаттық өзгерістердің негізгі себебі болып табылады. Өндірістік кәсіпорын бола отырып, біз осы мәселені шешудегі өз жауапкершілігімізді түсінеміз және көміртегі қалдықтарын азайту жобаларын алдыңғы орынға қоямыз. Мәселен, біз энергияны үнемдеп және төмен көміртекті отынға ауысамыз. Өндіріс пен кеңсе жұмысының қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға көмектесетін экологиялық менеджмент қағидаларын сақтаймыз – осы жайлы мына тарауда кеңінен айтып береміз.

Қоршаған ортаны қорғауда компаниямыздың стратегиясында екі негізгі бағыт қарастырылған:

1. Төмендегі шаралар арқылы қоршаған ортаға әсерімізді азайту:

- атмосфераға лас заттардың шығарылуын қысқарту;
- суды үнемдеп пайдалану;
- өндіріс қалдықтарының пайда болуын азайту;
- қалдықтарды сұрыптау;
- қалдықтарды арнайы сұрыптайтын компанияларға жіберу және компания қызметінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту үшін басқа да бастамалар.

2. Бизнесі тұрақты даму ұстанымдарымен жүргізу.

Қызметіміздің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында біз өндіріс пен өнімді дистрибуциялаудың барлық сатыларында тәуекелдерді бағалаймыз. Оның нәтижесіне сүйене отырып біз экологиялық менеджмент және климат өзгеруіне бейімделген стратегиялар дайындап, қолданамыз.



Экологиялық менеджменттің ішкі жүйесіне қоса 2003 жылдан бері біз жүйеміздің ISO14001 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігін растайтын ерікті сертификациясынан өтеміз. Бұл экологиялық менеджмент сертификациясы тәуекелдерді бағалау, барлық стандарттық операцияларға процедуралар дайындау, мақсатты көрсеткіштерді анықтау және тұрақты жақсарту үшін бастамаларды енгізуді көздейді. Қоршаған ортаны қорғау бойынша ішкі ережелерді тұрақты түрде қайта қарап және оларды басшылықпен бекіткен сайын біз қызметкерлеріміздің білімділігін көтереміз, сонымен қатар энергия мен су қорларын тиімді пайдалануды үйрету және ішкі корпоративтік экологиялық кампаниялар арқылы тұрақты даму қағидаларын ары қарай тарқатамыз.

Энергия қорын тиімді пайдалану және қалдықтар санын азайту


Алматы облысында орналасқан фабрикамыздың CO₂ шығарылымын азайту мақсатында 2019 жылы біз:

- су жылыту үшін күн сәулелі панелдер орнаттық;
- жүргізушілер кеңсесін энергияның тиімділігін арттырып етіп жаңарттық;
- өндірістік ғимаратта жылу сақтау жүйесін жасадық.

Фабрика мен кеңселердің энергиялық тиімділігін жақсарту үшін энергия қорларының пайдаланылуына бақылау мен талдау жүргізуді жалғастырамыз.

Қоршаған ортаға шығаруларды кешенді қысқарту компанияның жеңіл автокөлік паркіне экологиялық менеджментті қолдануды да көздейді. 2019 жылдың соңында жеңіл автокөлік саны 260 болды. Біз жеке автопаркімізді үнемі жаңартып тұрып, жанармайды аз пайдаланатын және пайдаланылған газда зиянды заттар аз болатын көлікпен алмастырамыз, сонымен бірге жанармайдың шығынын төмендететін «экологиялық» жүргізу стилін⁶ дәріптеп, көлік жүру бағыттарын оңтайландырамыз.

Өндірістегі CO₂ шығарылуы, тонна



⁶Эко-жүргізу - отын шығыны мен CO₂ шығарындарының ең аз мөлшеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін ережелер жиынтығы. Эко-жүргізудің негізгі ережелері: жылдамдықты біртіндеп арттыру, тоқтаған кезде және тығындарда қозғалтқышты өшіру, шиналардағы қысымды тұрақты бақылау, климат-бақылау жүйесін ұқыпты пайдалану, тегіс тежеу, бір қатардағы қозғалыс.


Қалдықтарды басқару

2019 жылы біз қалдықтардың 90% - нан астамын қайта өңдеуге жібердік және осы көрсеткішті арттыруға барынша күш салудамыз. Біздің негізгі күш-жігеріміз келесіге бағытталады:

- қалдықтарды басқару бағдарламасының тиімділігін одан әрі арттыру. Бұл бағдарлама әр өндірістік бөлімше үшін қалдық саны мен оны дұрыс бөлу бойынша мақсаттар қою және оларды қадағалауға негізделген;
- барлық өндірістік бөлімшелер өкілдерімен қалдықты азайтудың әдіс-тәсілдерін іздеу бойынша тұрақты жұмыс;
- қалдықты қайта өңдейтін басқа да озық компаниялар іздестіру, олар жақсы қайта өңдеу мен қайта пайдалануды немесе қалдықты жою жолында жылуды қайтаратын әдістерді қолдана алатындай болғаны жөн;
- экологиялық өмір салты туралы қызметкерлердің білімін арттыруға және оларды компанияның эко-бағдарламаларына қатыстыруға арналған әр түрлі жобалар.

Компаниямыздың қалдықтарын қайта өңдеудің мысалы ретінде Алматы облысы Талғар қаласындағы Қазақ зағиптар қоғамының өндірістік-оқу кәсіпорнымен әрекеттестігіміз болып келеді. Біз жіберіп тұратын пластмас қалдықтарының (втулкалар) қыстырғыш, киім ілгіш, түймелер, зағип жандарға арналған плиталар және басқа да тұрмыста қажет заттар жасалады.

Қазақстанда фабриканың қалдықты қайта өңдеу бойынша көрсеткіштері, %



«Жасыл кеңсе»



Біз қоршаған ортаны аялау мәселесінде тәсілдерімізді жетілдіруге ұмтыламыз, соның ішінде өз кеңселеріміздің жұмысында да.

Мысалы, компанияда су мен электр энергиясын үнемдеу бойынша заманауи технологиялар қолданылады: барлық дәретханаларда сенсорлық шүмектер, кеңсе ғимаратында энергияны сақтайтын жарық диодты жарықтандыру орнатылған және А+ және одан жоғары класты кеңсе асүйлеріне арналған кәсіби техника қолданылады.

Қағаз құжаттарды кәдеге жарату үшін қайта өңдеу компанияларымен шарттық келісім жасалған, олар қағаз қалдықтарын қайталама шикізат ретінде дәретхана қағазын жасап шығару үшін пайдаланады.

2019 жылы компанияда келесі жобалар жалғастырылды:

- кеңседе пластик ыдыс пен пластик ыдыстағы судың орнына тек керамикалық ыдыс және суды тазарту жүйесі қолданылады;
- жеке принтерлерден бас тарту және екіжақты көбінесе ақ-қара түсті басып шығару;
- қалдықты бөлек жинау — кеңсемізде тұрмыстық қатты қалдықтар, пластик, қағаз қалдықтары, және батареялар мен аккумуляторлар үшін контейнерлер қойылған;
- кеңсе техникасының баптауы өзгертілген — он минут жұмыс жасамай тұрған көшіргіш техника, телевизор, компьютерлер энергия үнемдейтін «ұйқы» тәртібіне көшеді;
- компания қызметкерлері үшін велотұрақтар қарастырылған;
- кеңседе жарықтандыруды реттеу үшін қозғалыс бергіштері орнатылған;
- су шүмектеріне суды қосып-сөндіретін бергіштер орнатылған.

Сонымен қатар, 2019 жылы біз жаттықтыру орталығы ғимаратында ыстық судың қажеттілігін жабатын күн панельдерін орнатуды аяқтадық және кеңселер мен



дәретханаларда Vileda Professional ұсынған SWEP PRO тазартудың инновациялық әдісін енгіздік. Тиімді SWEP PRO «бір сатылы» тазарту технологиясы жуғыш заттарды шамадан тыс пайдалануды тоқтатып, сонымен қатар су тұтынуды 10 есе үнемдейді.

Экология саласындағы мәдениет

Қоршаған ортаны қорғауда технологиялық процестер мен көрсеткіштердің жақсаруы қызметкерлердің компания мақсаттары туралы хабардар болуына және оларға берілгендігіне байланысты. Жыл сайын біз тұрақты даму мен табиғи ресурстарды үнемді пайдалану ұстанымдары жайлы қызметкерлерді хабардар ететін әртүрлі экологиялық шаралар өткізіп тұрамыз. Мысалы:

- эко-инспекциялар мен күн сайынғы патрульдер;
- қоршаған ортаны қорғаудың маңызы туралы бейнероликтер, постерлер жасау/көрсету, эко-науқандар жайында пошта арқылы ақпарат тарату және эко-иделарды жинауға арналған жұмыскерлердің ішкі порталындағы арнайы бет арқылы көрнекі материалдар мен насихат;
- тақырыптық іс-шаралар, викториналар, лекциялар.

Сондай-ақ, 2019 жылдың 21 қыркүйегінде ФМҚ қызметкерлері «World Cleanup Day» жаһандық экологиялық акциясына қатысты. Біз бірлесіп табиғи парктің 10 га жерін қоқыстан тазалап, осы аумақта эндемикалық Тянь-Шань шыршаларын отырғыздық.

Экологиялық бастамалар корпоративтік мәдениетіміздің бір бөлігі болғанына талай жылдар өтті. Экологиялық жобаларды іске асыруда белсенді қатысқанымыз үшін 2019 жылы ФМҚ «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі республикалық байқауында «экологияға қосқан үлесі үшін» аталымында жүлдегер атанды.

Біз экологиялық бастамаларды қолдай отырып, ұлттық экологиялық ой және өмір салты шағыннан – жекелеген адамдар мен компаниялардың үлгісінен – басталатынына сенеміз. Ал біздің ортақ мақсатымыз келер ұрпаққа ең жақсы қоршаған ортаны беру болып табылады.



Еңбек қауіпсіздігі

Жұмыскерлеріміздің дене мен ділдік саулығы – ФМҚ-ның ең басты басымдығы әрі табыс кепілі. Компанияның бірінші кезектегі міндеті – компаниямыздың қызметкерлері, мердігерлері мен қонақтарына қауіпсіз және сенімді еңбек жағдайын жасау.

Компаниямыздың трансформациясы жолында біз қауіпсіз жүріс-тұрысты сақтау қағидаларының мызғымастығын сақтауға талпынамыз. Қауіпсіздік туралы сөз еткенде біз еңбекті қорғау саласындағы заңды және корпоративтік талаптарды мүлтіксіз ұстануды меңзейміз. Біз қауіпсіздік жүйесін үнемі жақсартуға тырысамыз және бұл үшін компанияда мына шаралар жүзеге асырылады:

- еңбек қауіпсіздігі бойынша бақылау мен есептілігін ескеріп стратегия мен жоспарларды дамыту және тұрақты қайта қарау;
- жұмыскерлердің, мердігерлердің, қонақтардың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіптерді анықтау мен қадағалау үшін тәуекелдерді бағалау;
- жұмыскерлерді еңбекті қорғау мәселелері жөнінде жүйелі оқыту мен ақпараттандыру;
- еңбекті қорғау мәселелері ФМҚ қызметінің айнымас бөлігі болатын корпоративтік мәдениетті тарқату;
- орын алған оқиғаларды тергеу, бұл болашақта қайталанбайтындай іс-шараларды қабылдау мақсатында жасалады.

ФМҚ-да еңбек қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі нақты өндірістік процестерге байланысты жасалады және 2010 жылдан бері тұрақты түрде халықаралық стандарттар талаптарына сай сертификациядан өтеді.

ФМИ құрамына кіретін өндірістік орталықтар, фабрикалар тәжірибесін зерттеуге көп назар аударылады. Қауіпсіздік және еңбек қорғау саласында үздік тәжірибе алынып, енгізіледі, ал жұмыскерлер үшін қосымша дәрістер өткізіледі. Бұл үрдіс тоқтаусыз жүреді.

2019 жылы ФМҚ 2 211 781 сағат, немесе 92 157 күн бойы нөлдік жарақатпен қауіпсіз жұмыс уақытына жетті!

Ерекше назар «қауіпсіздік мәдениетіне» аударылады. Ол барлық жазатайым оқиғаның және экологиялық апаттың алдын алуға негізделген және компанияның барлық жұмыскерлерін, мердігер ұйымдар қызметкерлерін, сондай-ақ, қонақтарды тартуды көздейді. Фабрикада барлық тәуекелге дөп беру қағидасы дәріптеледі. Барлық өндірістік жерлерде және кеңседе еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бойынша ішкі ереже мен нұсқауларды міндетті түрде орындау корпоративтік тәртіп қағидасына жатады.

2012 жылдан бері Mission Zero («Жұмыс орнында нөл жарақат») тұжырымдамасы енгізілген. Ол өндірістік жарақат алу тәуекелін қысқартуға, еңбек жағдайын жақсартуға және жұмысшылардың қауіпсіздік мәдениетін көтеруге бағытталған. Бұл тұжырымдама қауіпсіздік мәдениетіне қарапайым, бірақ өте маңызды қағидаларды енгізуді көздейді:

- Қауіпсіздік — бұл құндылық.
- Әр оқиғаның алдын алуға болатынына сенімдіміз.
- Қауіпсіздік — әрқайсымыздың жауапкершілігіміз.
- Біз қызметкерлерден әрқашан және барлық жерде қауіпсіз қылықты күтеміз — үйде және кеңседе.

Mission Zero тұжырымдамасы арқасында біз қызметкерлердің жұмыс орнында қауіпсіздігін күшейтетін тиімді база жасадық, ол тәуекел бағалауды жабдықты қою немесе жаңартудан бастап қолданыстағы процестер мен жабдықтарды жетілдірудің инженерлік-техникалық шешімдеріне дейін қамтиды.

Өндірістік жабдықпен жұмыс істейтін ФМҚ жұмыскерлері өндірістегі қауіпсіздік жүйесін жетілдіру үрдісінде маңызды рөлге ие. Себебі олар жабдықты қолданудың ерекшеліктерін, тәуекелдерін жетік біледі. Сондықтан еңбекті қорғаумен байланысты жағдайды жақсартудың мүмкіндіктерін іздестіруде жұмыскерлерді қатыстырып, ынталандыруға ерекше назар аударамыз.

Әрбір жұмыскер біздің ішкі бастамалар порталы арқылы қауіпсіздікті жақсарту бойынша ойын жолдай алады. Олардың барлығын еңбекті қорғау бойынша мамандар қарайды, осы мамандар қабылданған идеяларды да іске асырады. Енгізілген шаралар тізімі көлемді – өрт сөндіргісін жабдықтауда орналастырудан бастап қатерді бағалау процесін оңтайландыруға дейін.

Еңбек қорғау саласында жаңа тәсілдер мен стандарттар күнде дерлік жаңарып, толықтырылады, және біз де өндіріс қауіпсіздігінің жүйесін одан әрі тиімді де заманауи ету үшін үздіксіз жұмыс істейміз.


Мәселен, қазіргі уақытта фабриканың өндірістік бөлмелер еденіне жаңа заманауи белгілеу жасау бойынша, сонымен қатар, жабдықтауды орналастыру эргономикасын жақсарту бойынша үлкен жобалар іске асырылуда.


Біз алдымыздағы ұзақ мерзімді уақытқа өр мақсат қойып отырмыз – 2019 жылы қол жеткізген жұмыс орнындағы жарақаттану деңгейін нөл шамасында ұстап тұру.

Mission Zero тұжырымдамасы әрекеті өндірістік орындармен қатар, компанияның көлік паркіне да тиісті. Жүргізушілерді көлікті қауіпсіз жүргізуге үйрету Қазақстанның барлық аймақтарында үнемі өткізіледі. Бұл оқытуға практикалық сабақ, тақырыптық дәрістер, ең жетік тәжірибе алмасу кіреді. Осы сабақтар арқасында 2019 жылы біз маңызды жол апаттары бойынша нөлдік көрсеткішке жеттік, бұл Mission Zero бағдарламасының негізгі мақсаты болып табылады.

Сонымен қатар, қызметкерлерді хабардар ету бойынша шаралар 2019 жылғы апаттық көрсеткіштерді, 2018 жылмен салыстырғанда, едәуір азайтуға мүмкіндік берді.

Миллион километрге шаққанда аса маңызы жоқ жол апаттар саны







АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Қызметкерлер құрамы


Адам құқықтарын құрметтеу – тұрақты бизнес жүргізудің негізі. Біз бұған ерекше көңіл бөлеміз. Адам құқықтарын құрметтеу – корпоративтік мәдениетіміздің ажырамас бөлігі, сондықтан адам құқықтарын сақтау қағидалары біздің қызметкерлермен, жеткізушілермен, тұтынушылармен және қауымдастықтармен жұмысымызды анықтайды.



Компаниямыздың бас құндылығы – жұмыскерлеріміз. 2019 жылдың соңында штаттағы жұмыскерлер саны 800-ге жуық болды.

Қызметтік құрылым

Мамандар
Базалық деңгейдегі жұмыскерлер
Орта буын жетекшілері
Жоғары буын басшылары



Жұмыскерлердің құқықтары

Біз жұмыс орнында жынысқа қатысты теңдік саясатын белсенді қолдаймыз. Мәселен, 2019 жылы біз ерлер мен әйелдер үшін еңбекақы төлеуде бірдей қағидалар қолданылатынын, сондай-ақ олардың кәсіби үлесі бірдей бағаланатынын растауды алған Қазақстанның тұңғыш компаниясы болдық. Аудитті Equal Salary Foundation тәуелсіз ұйымы және PwC халықаралық аудиторлық компаниясымен бірлесіп өткізді, оның нәтижелері бойынша біз Equal Salary сертификатын алдық.

Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау кезінде біздің шешімдеріміз тек олардың кәсіби мүмкіндіктері мен сіңірген еңбегіне негізделеді. Қызметкердің жасына, жүктілік кезеңі немесе кішкентай баласының барына, мүгедектік, этникалық нәсілі мен сексуалды бағдарлығына, діни ұстанымы немесе басқа да жеке сипаттарына қарамастан, біздің ұжымда жұмыс істеуіне, қызметте өсуіне шектеу қойылмайды.

Компаниямыздағы түрлі көзқарастар мен ұстанымдардың бар болуын қолдаймыз және Қазақстанда қолданыстағы заңнамада бекітілген әлеуметтік серіктестік қағидатында кәсіподақтармен өзара әрекет етеміз. Кәсіподақ өкілдерімен ашық сұхбат жүргіземіз, әсіресе жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөнінде. Жұмыскерлердің кәсіподақ ұйымдарына тіркелу құқығын құрметтейміз.

Біз озбыр және ар-намысты қорлайтын мінез-құлыққа төзбейміз. Сөзбен қорлау, қорқыту, жыныстық сипаттағы жағымсыз ұсыныстар, қорқыту — осының бәрі теріс мінез-құлықтың үлгісі болып табылады. Компанияда қолданылатын ережелердің болжамды бұзылуы туралы адал хабарлаған қызметкерге қарсы бағытталған кез келген нысанда қудалауға немесе қысым жасауға жол берілмейді.



Біз компанияда жайлы ортаны қалыптастыруға мүдделіміз. Әрқайсысымыздың ерекше қажеттіліктеріміз, жұмыс істеу стиліміз бар, және біз осы өзгешеліктерді дұрыс ескеруіміз қажет, өйткені бұл жаңашылдық пен жұмыс үрдісін тұрақты жақсартуға септігін тигізеді.

Еңбекке ақы төлеу мен әлеуметтік пакет

Еңбекке лайықты төлеу, әлеуметтік пакет және жайлы жұмыс жағдайы біз үшін ең үздік және талантты кадрларды тартуға, ынталандыруға және сақтауға мүмкіндік береді. Біз көптеген қазақстандық және халықаралық компаниялармен бірге еңбек нарығын зерттеуге үнемі қатысамыз және өз қызметкерлерімізге Қазақстандағы басқа компаниялардың 75% -ына қарағанда жоғары еңбекақы төлеуді ұсынамыз.

ФМҚ өз қызметкерлеріне төмендегідей жеңілдік пен жәрдемақы бағдарламаларын ұсынады:

- еңбекке жарамсыздық жағдайында және өміріне қауіп төндіретін ауыр науқасқа ұшырағанда өмірін ерікті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ауыр науқасқа ұшыраған жағдайда шетелде ем алуға арналған «Маңызды артықшылық» ерікті медициналық сақтандыру;
- қайғылы жағдайдан сақтандыру;
- еңбекке уақытша жарамсыздық жағдайында жәрдемақы;
- жүктілік бойынша жәрдемақы;
- шипажайлық-курорттық емделуге берілетін жәрдемақы;
- тамақтануға көмекқаржы / тамақтануға қосымша ақы төлеу;
- жұмысшыларды жұмысқа және жұмыстан кейін үйіне жеткізу;
- жақын адамның қайтыс болуына байланысты жәрдемақы;
- отбасы мүшелеріне арналған жәрдемақы (балалар лагеріне; баланың мектепке дейінгі оқуына; оқушыларға, мүгедек балаларға, көп балалы отбасыларға);
- ұзақ мерзімді қызмет үшін марапат;
- төтенше жағдайларда пайызсыз қарыз бен материалдық көмек;
- жұмыстағы ерен еңбегі мен жоғары нәтижеге қол жеткізгені үшін марапаттау.

Компания барлық сатыларында жұмыскерлердің кәсіби өсуіне жағдай жасайтын үздік жұмыс шарттарын ұсынуға тырысады.

2019 жылы бізге ең үздік жұмыс берушілер институтының (Top Employer Institute) бағалауы бойынша Қазақстан мен Еуропаның үздік жұмыс берушілерінің атағы қатарынан төртінші рет беріліп, Top Employer⁷ сертификатымен марапатталдық.

⁷Top Employer Institute – қызметкерлерді басқару саласындағы жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігін бағалайтын халықаралық сертификаттау ұйымы.



Бағалау және ілгері жылжыту

Қызметкерлерді бағалау және олардың мансабын дамыту бизнес пен қоғам үшін тұрақты дамудың ажырамас бөлігі болып табылады. Себебі прогреске бизнес-стратегиялардың арқасында ғана емес, ең алдымен компанияның ең құнды активі – қызметкерлерді – дамыту арқылы қол жеткізіледі.

Ұйымның трансформациялану үрдісі жекелеп не ұжымда болсын қызметкерлердің ойы, іс-әрекеті мен мінезінде жаңа тәсілдер қолдануын талап етеді. Осындай жағдайда табысқа жетуге алғыр ой, эксперимент тәсілі, клиентке бағдарланған ой, жобаларды басқару дағдылары көмектеседі.

ФМИ-дің тиімділікті басқару жүйесі - біртұтас. Бұл жекеленген бизнес-мақсаттар мен «ФМИ Көшбасшылық Формуласы» моделінде белгіленген мінез-құлықтың жыл сайынғы бағалауын қамтиды. Аталмыш модель мақсаттарға жетудің тиімділігіне жәрдемдесіп, мінез-құлықтың өзгеруін ынталандырады және келесі бес негізгі энергияны өзіне саяды: серпінді инноватор, тұтынушы әрдайым зейінде, ілгері басу, ниет сәулетшісі және топ активаторы – осылардың барлығы трансформация кезінде жеке тиімділікке қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Жыл басында әр қызметкер жеке мақсаттарын қояды және оны компанияның мақсаттары мен жеке даму деңгейіне сәйкес келуі үшін өзінің тікелей жетекшісімен мақұлдайды. Жетістіктердің барысы жыл бойы жетекшіден жұмыскерге және кері қарай байланыс пікір білдіру арқылы жүйелі түрде қарастырылып отырады. Ал жыл соңында жұмыскер мен оның тікелей басшысының сұхбаты түрінде өткізілетін сессия түрінде нәтижелер бағаланады. Оның барысында бизнестің трансформациясы мен тұрақтылығына ықпал ететін мінез-құлық белгілерін қоса алғанда нақты нәтижелер мен жетістіктер талқыланады. Жыл сайын қойылатын жеке баға жұмыскердің келесі жылғы сый ақысына әсер етеді.

Дарындылықты дамыту стратегиясы үнемі қайта қаралып отырады, өйткені бұл бизнесті дамыту стратегиясымен тығыз байланысты - ертеңгі көшбасшыларды бүгін дайындап, ұйымның әртүрлі деңгейіндегі сабақтастықты қамтамасыз етеміз. Осы стратегия құралдарының бірі жыл сайынғы «Таланттарға шолу» сессиясы болып келеді, мұнда ұйымға әсер ету мен трансформациондық әлеует белгілері сияқты негізгі компоненттер талданады.

Ұйымға әсер ету дегеніміз - қызметкерлердің тұрақты бизнес-нәтижелерге қол жеткізуі және әртүрлі орта мен бизнес үшін сын-тегеурін бар болғанда бизнес өсімін ынталандыру, жаңа проблемаларды шешу үшін тиісті функционалды тәжірибені, білім мен жұмыс тәсілдерін қолдану және көшбасшылық мінез-құлықты көрсете алу қабілеті. Трансформациялық потенциалға келесі атрибуттар кіреді: ойлау - күрделілікпен күресу және жаңа мәселелерді шешу, әсер ету - басқаларға әсер ету және өз үлесін қосу, өзгеру - белгісіздік пен қос мәнділікке қарамастан бейімделу мен орнықтылықтың жоғары деңгейі.

Барлық аталған компоненттер қызметкердің жеке мансаптық ұмтылыстарын ескере отырып, мансапты одан әрі дамыту жоспарын анықтайды.

Кәсіби тәжірибені дамыту және кеңейту үшін біз саты бойынша ғана емес, сондай-ақ Қазақстан ішінде және халықаралық деңгейде әртүрлі бөлімдер арасында қызметкерлердің ауысуын ұсынамыз. Соңғы 3 жылдың ішінде ФМҚ-ның 20-дан аса жұмыскері халықаралық тағайындаулар бағдарламасына қатысып, ФМИ-дің шет елдеріндегі үлестес компанияларында жұмыс істеді.

INKOMPASS тағылымдама бағдарламасы

Мамандықтарына қарамастан компанияның түрлі бөлімдерінде тәжірибеден өтуге мүмкіндігі бар студенттерге бағытталған INKOMPASS тағылымдама бағдарламасы сәтті іске асырылып келеді. Бағдарлама байқауына ағылшын тілін еркін меңгерген бакалаврдың 3 курс немесе магистратураның 1 курс студенттері қатыса алады. Тағылымдама студенттер үшін өз білімдерін іс-тәжірибеде тексеруге, құнды тәжірибе алмасуға, компанияның құрылымы мен бизнес-үдерістерімен танысуға, сондай-ақ, өзін әлеуетті қызметкер ретінде көрсетуге мүмкіндік береді. 2018 жылы бағдарлама бойынша 7 тағылымгердің 4-і жұмысқа қабылданды. 2019 жылы біз INKOMPASS бағдарламасы бойынша 7 адамды тағылымдамаға қабылдадық, оның 5-уі келесі кезеңге өтіп, 2020 жылы тағылымдамасын жалғастырды.


Қызметкерлердің пікірін есепке алу

Жұмыс ортасын жақсарту мен жұмыскерлерден кері байланыс жинау мақсатында біз тұрақты түрде сәйкес сауалнама өткізіп отырамыз. 2019 жылы сауалнамаға қызметкерлердің 78% қатысты, бұл алынған деректердің өзектілігіне сенімділік береді. Қызметкерлер компанияның мықты жақтары және біз жақсартатын салалар туралы өз пікірлерімен бөлісті. Сауалнаманың нәтижелері бойынша қызметкерлердің жұмысқа етене араласу деңгейі 87% жетті, бұл қызметкерлердің өз рөлі мен компанияның болашаққа деген көзқарасын түсінетіндігін, сонымен қатар өз жұмысының табысты болатынына сенімді екенін білдіреді. Біз 2019 жылы негізгі болған салаларда үздік нәтижелерге қол жеткіздік. Осылайша, қызметкерлердің көбісі компаниямыз «рөлдің сәйкестігі және өзін-өзі басқару» (90%), «бейімделу процесі» (89%), «жұмысқа етене араласу» (87%) және «клиентке бағдарлану» (87%) сияқты салаларда мықты екендігімен келіседі. Біз ары қарайғы даму мен және жұмыскерлердің компания жұмысына етене араласу деңгейін арттыру бағдарларын анықтадық. 2019 жылдың нәтижелеріне сүйеніп, біз қызметкерлердің жетістіктерін қадірлеу мәдениетін нығайтуға, стратегиямыз бен трансформацияға көбірек айқындық беруге, сондай-ақ көшбасшылық дағдылары мен қабілеттерін дамытуға баса назар аударатын боламыз.


Жұмыскерлердің денсаулығы мен әл-ауқаты



медицина



спорт



тамақтану



гармония

Компанияның ең құнды активі - біздің қызметкерлеріміз, сондықтан біз олардың аман-саулығына ерекше қамқормен қараймыз. Компанияда төмендегідей төрт бағытта «BalancedYou» бағдарламасы жүзеге асырылады:

- денсаулық және алдын алу шараларының маңыздылығы;
- физикалық белсенділікке ынталандыру;
- дұрыс тамақтануды дәріптеу;
- жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдік.

2019 жылы компанияда FLEXability икемді жұмыс кестесін құру бағдарламасы енгізілді. FLEXability - бұл қызметкерлерге жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті жақсырақ ұйымдастыруға және өз жұмысынан қанағат алуды барынша арттыруға көмектесетін жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді тәсілі. Бағдарлама өмір салты мен жеке мән-жайлардың өзгеруіне қарай жұмыс тәртібін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жұмыскер үшін FLEXability жұмыс уақытын неғұрлым тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік берсе, компания үшін бұл мансапты жоспарлауда жеке басымдықтарды маңызды деп мойындайтын және ынталандыру мен бизнес-нәтижелерін жетілдіруді жақсартуға ықпал ететін бизнес-стратегия.

Біз дәрігер-мамандарды жұмыскерлерімізбен кездесуге шақыру тәжірибесін жалғастырып, қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық алдын алу тексерулерін өткізіп, әрі шипажайлық-курорттық емделуге жәрдемақы береміз.

Жұмыскерлерге ыңғайлы болу үшін фабрикамызда жеке дене шынықтыру залы ұйымдастырылып, әртүрлі спорт секцияларына баруға қосымша ақы беріледі.

«Дұрыс тамақтану» бағдарламасы аясында жұмыскерлерге фабрика асханасында жаңа сығылған шырындар мен диеталық ас мәзірі ұсынылады.

Сондай-ақ, қызметкерлеріміз қалыптасқан жұмысынан серігіп алуы үшін, стрессті басқаруды үйренуі үшін және жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікке ие болу үшін тұрақты бағдарламаларға қоса біз арнайы іс-шараларды өткіземіз.




Жұмыскерлеріміздің қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар

Ерікті қызмет - компаниямыздың корпоративті мәдениетінің бір бөлігі. Жыл сайын біз қызметкерлерімізді Ұлы Отан соғысы ардагерлерін, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қолдау және қоқыс жинау және рекреациялық аймақтарды көгалдандыру сияқты ерікті бастамаларға тартамыз.

Фабрикамызда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қолдан жасалған бұйымдарын сатуға арналған қайырымдылық жәрмеңкелерін өткіземіз. Жәрмеңкелерге «Халықаралық әлеуметтік жобалар ассоциациясы» ҚБ, «Прогресс» Политехникалық колледж Мекемесі, «Жігер «Қазақстандық мүгедектер қоғамдық бірлестігі» ҚБ қатысады. Түскен қаражатты ұйымдар ерекше қажеттіліктері бар адамдардың тегін пайдалануы үшін логопед, психолог және ұқалап емдеу сауықтыру кабинеттерін қаржыландыруға, сонымен бірге осы адамдардың еңбегін мадақтауға жұмсайды.

Әр қыркүйек сайын Дүниежүзілік тазалық күні (World Cleanup Day) аясында 100-ден астам адам – жұмыскерлеріміз бен олардың отбасы мүшелері – компанияның экологиялық іс-шарасына қатысады.





ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Негізгі бағыттар

ФМҚ Қазақстандағы қайырымдылық жобаларды 1993 жылдан бері қолдап келеді. 26 жыл ішінде әлеуметтік жобаларды дамытуға салынған инвестиция көлемі 8,3 млн АҚШ долларынан асты. Біз тек бірлескен күш-жігермен орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге болады деп сенеміз.


2019 жылы жаңартылған әлеуметтік бағдарламалардың стратегиялық тәсіліміз БҰҰ ТДМ-ымен сәйкес әлемдік қауымдастықтың үміттеріне жауап ретінде жергілікті қауымдастықтардың өмір сапасын жақсарту жобаларына бағытталған.

Біздің қайырымдылық жобаларымыз бен бағдарламаларымыз коммерциялық емес ұйымдармен бірлесе атқарылады және қоғамда кеңінен танылады.

Бірнеше жыл бұрын біздің компания әлемдік деңгейде және Қазақстанда қайырымдылық саласында ұзақ мерзімді, адамдарға жаңа дағдыларды үйренуге мүмкіндік беретін және оларды өз өмірлерінің сапасын жақсарту үшін пайдаланатын жобаларға бағытталған жаңа стратегиялық тәсілді таңдады.

Әр жылдары жобаларымыз ҚР Дін істері және азаматтық қоғам бойынша министрлігі, Алматы облысы әкімдігі, Қазақстандағы Еуропалық Бизнес Ассоциациясы, Американың Қазақстандағы сауда палатасы және «Әлеуметтік экономикалық даму» аталымында халықаралық The International CSR Excellence Awards марапаттарына ие болды. Шетелдік марапат халықаралық коммерциялық емес 1994 жылы құрылған The Green Organization ұйымымен беріледі.

Алматы облысы



Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы

2011 жылдан бері біз Алматы облысындағы Ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасын қолдап келеміз. Бағдарлама «Еңбекшіқазақ ауданының жергілікті қауымдастықтар қоры» ҚҚ бірлесе дайындалып, шаруа қожалығын заманауи әдістермен жүргізуге оқыту арқылы ауылда өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Оқыту арнайы ұйымдастырылған Агробизнес орталығы негізінде өткізіледі және келесі бағдарларды қамтиды:

- ауыл шаруашылық дақылдарын өсірудегі жаңа технологиялар;
- еңбек өнімділігін арттыру;
- кәсіпкерлік дағдыларды дамыту;
- ауыл шаруашылық өнімінің өтімі;
- аграрлық маркетинг;
- қаржыландыру құралдары.

Агробизнес орталығында фермерлер топырақ сапасын жедел бағалайтын кішігірім зертхананы пайдаланып және топырақты тыңайтудың кеңестерін ала алады, көкөністер өсірудің жаңа әдістерін өз көзімен көріп, нәтижелерін біліп әрі жаңа сұрыптарды көре алады, сондай-ақ дербес компьютер пайдалана алады. Агробизнес орталығы шаруа қожалықтарының жанында орналасуы фермерлерге тәжірибе алмасуға және жергілікті климат жағдайында сыналған алдыңғы қатарлы тәжірибені өз жер телімдерінде қолдануға мүмкіндік береді.

Бағдарламаны іске асырудың жарқын мысалы - «Шелек фермерлері» жобасы. Жоба қолдағы бар ресурстарды, алдыңғы қатарлы технологиялар мен ауыл шаруашылығындағы әлемнің үздік тәжірибесін тиімді пайдалану арқылы қазақстандық фермерлердің қаржылық пайдасы мен ұтымдылығын көтеруге және фермерлердің кәсіби-техникалық дағдыларын дамытуға бағытталады. Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын «Шелек фермерлері» жобасы 2019 жылы өзінің 5-жылдығын атап өтті. Осы уақыт ішінде фермерлер ауыл шаруашылық кооперативке бірігіп, шаруашылықтың өнімділігі мен пайдасын арттырып, көкөністерді Алматы супермаркеттеріне тікелей жеткізу механикасын сәтті іске асыруда.



2019 жылы жоба органикалық егіншілікті дамытуды үдете түсті. Агробизнес орталығының жылыжайларында органикалық тыңайтқыштар қолданып өсірілетін ащы бұрыштың перспективті сұрыптары отырғызылған. Ж.Жиембаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ғылыми-зерттеу Институтының қызметкерлерімен бірлесе отырып аурулар мен зиянкестермен күресудің биологиялық әдістерін (энтомофагтар) және препараттарын қолдана бастады. Қолданылған қорғау шаралары кешенінің тиімділігі 96% құрады, 2020 жылы тиімділікті одан әрі арттыру жұмысы жалғасатын болады. «Жасыл экономикаға» көшудің тағы бір қадамы суық кезеңде күн сәулелік батареяларын сыннан өткізу болды. Аудандағы электр энергиясы іркілісінің салдарын алдын алу мақсатында Агробизнес орталығында күн тақталары орнатылды. Нәтижесінде осындай панельдер орнатудың тиімділігі есептелініп, сәйкесінше фермерлерге кеңестер дайындалады. Сонымен бірге, ауыл шаруашылық тәжірибесіне биогаздық технологияларды енгізу үшін жобалық үлгі ретінде биогаздық жабдық орнатылды. Ол тозған жер телімдерін қалпына келтіру мәселесін шешуге және органикалық тыңайтқыштарды қолданудың ескі, атмосфераны ластайтын технологиялардың алмастырылуына, органикалық тыңайтқыштарды өндіру мен жылыжайларды жылыту үшін биогазды (метанды) пайдалану есебінен қосымша табыс алуға жол ашады.

Агробизнес орталығының қосалқы міндеті – «Агробизнес-2020» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруда өзара қарым-қатынас жасау. Алматы облысының географиялық орталығында орналасқан Агробизнес орталығы мемлекеттік бағдарламаның әлеуетті қатысушы-фермерлерді тартуға арналған алаңдардың бірі болуы мүмкін және де орындалатын жобалардың мониторингі мен сапасын бақылау бойынша қызметтерді ұсына алады.

«Шелек фермерлері» жобасының даму үрдісі



Соңғы 5 жылдағы бағдарлама нәтижелері:

4 365

ауыл тұрғыны

көкөніс шаруашылығы негіздерін, фермерлік шаруашылықты тиімді жүргізудің, кооперация негіздерін оқытудан өтті;

120

шаруа

жыл сайын көкөніс өсіру технологиясы бойынша өтіп жатқан практикалық тәжірибелерді бақылау мүмкіндігіне ие (жылына 8 технологиядан кем емес);

150-ге

жуық адам

маусымдық жұмыспен бағдарламаға қатысушылардың алаңдарында жұмыс істейді. Жаңа жұмыс орындары құрылуда, бұл ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне әсер етеді;

жылына

100

адам

компьютер және бухгалтерлік есеп бойынша алғашқы білім мен дағды алады;

жылына

40

шаруа

топырақтың жедел сараптамасы негізінде тыңайтқыштарды енгізу бойынша кеңес алады;

жылына

180

шаруа

агрономия және ауыл шаруашылығының экономикасы бойынша мамандардың кеңесін алады;

25

жаңа технология

“Шелек фермерлері” кооперативі мүшелерінің фермерлік шаруашылықтарында көкөніс өсіру үшін енгізілді, бұл көкөніс дақылдарының сапасы мен түсімділігін арттыруға әкелді (жекелеген жағдайларда 20%-дан 104%-ға дейін);

дақылдарды жылыжайда өсіру көлемі

25

есе ұлғайды

(2017 жылы 200 м²; 2019 жылы 5 050 м²).

5

экологиялық технология

(табиғи-, энергия- және материал-сақтаушы) Агробизнес орталығының жанындағы жер телімінде жұрт назарына ұсынылды (биогаз қондырғысы, күн панельдері, пленкалы жылыжайлар, тамшылатып суару, күн сәулесінен су жылытатын сплит-жүйе);



Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек

Нәтижелер:

300

адам оқытудан өтті

82

адам жұмысқа
орналастырылды

61

адам жеке кәсіпкер
болды

2010 жылдан бері Іле ауданы Өтеген батыр кентінде орналасқан «Прогресс» Политехникалық колледжімен бірлесіп біз 2 және 3 топ мүгедектігі бар ересек адамдарды кәсіби дағдыларды оқытуға арналған жобаны іске асырып келеміз. Оқытумен қатар, жоба қатысушылары қоғамға енуіне, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға, әл-ауқатын көтеруге және қаржылық тәуелсіздік алуға мүмкіндік алады.

Ерекше қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтік өмірге бейімдеу және оңалту — бүгінгі қоғамның ең өткір проблемаларының бірі. 2015 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтары туралы Конвенциясына қосылды. Бұл конвенцияны ратификациялау парадигманың өзгеруін білдіреді - мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудан бастап құқықтарын тану мен тең жағдай жасауға дейін.

Әр жылдары арнайы дайындалған оқытушылар тігінші, шаштараз, саңырау құлақ өсіруші, наубайшы, маникюр маманы, аяқ киім жөндеу маманы және компьютерлік сауаттылық сияқты кәсіптерге үйретті. Ақпарат және тәжірибе алмасу мақсатында кәсіби оқытуға қосымша шағын бизнесті дамыту мектептері мен қызығушылық бойынша клубтар ұйымдастырылды. 2019 жылы мамандықтар тізімі көкөністерді кептірумен толықтырылып, бағдарламаға қатысушылардың әзірлеген өнімдерін онлайн-тапсырыс нарығына шығару жұмысы басталды.

Жобаны жүзеге асырудың он жылы ішінде - ерекше қажеттіліктері бар 300 адам оқытудан сәтті өтті. Қазіргі уақытта олар өздерінің кәсіби мен шығармашылық дағдыларын дамытып, қоғамға еніп, жұмыс жасау үшін уәждеме және қажетті дағдыларға ие болып отыр.



Іле ауданында жергілікті қауымдастықтарды қолдау

Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдау

Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдау – әрқайсысымыздың борышы. Бұл батырларға деген алғысымыз, олардың ерлігі арқасында біз бейбіт уақытта өмір сүріп жүрміз. Ардагерлерге Жеңіс Күніне ғана емес, жыл бойы қолдау және көңіл бөлінуі тиіс деп есептейміз. Сол себепті 2003 жылдан бастап «Болашақ» әлеуметтік-

азаматтық базис» қоғамдық ұйымымен бірлесіп, біз Алматы облысының Іле ауданында тұратын Ұлы Отан соғысы ардагерлерін қолдау жобасын жүзеге асырып келеміз. Жоба медициналық препараттарды, азық-түлік себеттерін және атаулы материалды көмектің бөлінуін көздейді. Жыл сайын 9 мамыр күні біздің компания еріктілері Іле ауданының барлық ауылдарын аралап, ардагерлерді мерекемен құттықтайды және атаулы материалдық көмекті жеткізеді.



«Бизнес идеяларын дамыту» бағдарламасы

2019 жылы әлеуметтік жағдайы нашар топқа жататын адамдардан тұратын қатысушылардың үшінші толқыны кәсіпкерлік негіздері бойынша оқуын бастады. Жыл сайын байқау негізінде өз бизнесін ашуға ниет білдірген 25 адам бағдарламаға қатысады. 6 ай бойы бизнес жоспарларын әзірлеу, бизнесті жүргізу, маркетинг және салық салу негіздері бойынша

оқыту жүргізіледі. Оқыту соңында үш үздік жоба авторлары бизнестерін ашуға қаржылай қолдау алып, сонымен бірге мемлекеттік органдарда бизнесін тіркеуге және мемлекеттік бағдарламалар есебінен қосымша қаражат тартуға көмек алады.

Жоба 2017 жылдан бастап «Болашақ» әлеуметтік-азаматтық базис» қоғамдық ұйымымен бірлесіп жүзеге асырылады.

Ауылдық жерлердегі білім беру жобалары

Еңбекшіқазақ ауданындағы балаларға білім беру орталығы

Білім деңгейі адам мен қоғамның өмір сапасын және ілгері дамуын анықтайды. Осы ойды жетекшілікке алып, 2010 жылы біз Еңбекшіқазақ ауданының Малыбай кентіндегі мектепте балаларға арналған білім беру орталығын аштық. Орталық толықтай жабдықталған мәдени-ағартушылық платформа болып келеді. Мұнда тәжірибелі ұстаздардың көмегімен балалар компьютерлік дағдыларға, ағылшын және қазақ тілдеріне оқытылады. Сондай-ақ орталықта балалар қолөнер дағдыларын дамытып және сурет салу және музыка үйірмелеріне қатыса алады. Білім беру орталығы Еңбекшіқазақ ауданының жақын орналасқан ауылдарынан келетін 800-ге жуық баланы қамтиды.

Бүгінде орталық өз бетінше сәтті жұмыс істеп, балаларға оқу жылы кезінде де, жазғы демалыста да дәріс беріледі.

Кәсіптік-техникалық білім беру

Тәжірибелік дағдылар еңбек нарығында адамның бәсекеге қабілеттілігін бағалау кезінде әрдайым зор маңызға ие болады. Сондықтан біз ауылдық жерлердегі жастарды кәсіби дағдыларға оқытуға бағытталған жобаларды қолдаймыз. Мәселен, 2010 жылдан бастап Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында біз жасөспірімдерді «Аспаз ісі», «Автомеханик», «Шаштараз» және «Модельер» мамандықтары бойынша оқыту курстарын ұйымдастыратын бағдарламаны қолдап келеміз. Оқыту кезінде жасөспірімдер жас маман ретінде жақсы сипаттама алып, тағылымдамадан өтуге немесе тұрақты жұмысқа тұруға ұсыныс ала алады. Қазіргі уақытта 260-тан астам жасөспірім оқытудан өтті.



«Мектепке жол» әлеуметтік науқаны

2010 жылдан бері жыл сайын біз күнкөрісі төмен отбасыдан шыққан оқушыларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға мектеп сөмкелері мен барлық қажетті кеңсе тауарларын алуға көмектесеміз. Науқан барысында 1 000-нан астам бала атаулы көмекке ие болды.





Фотограф: Алексей Мальченко

Дизайн: Татьяна Олейник

Есепте қолданылған фотосуреттер
келесі мекемелермен берілді:

- «Прогресс» Политехникалық
колледж мекемесі,
- «Болашақ» әлеуметтік-азаматтық
базис» ҚБ,
- «Қарлығаш» әйелдер білім беру
консультациялық орталығы» ҚБ,
- «Еңбекшіқазақ ауданы жергілікті
қауымдастықтар қоры» ҚҚ.

«Филип Моррис Қазақстан» ЖШС

Ілияс Жансүгіров көшесі, 90,
Өтеген батыр ауылы, Іле ауданы,
Алматы облысы, Қазақстан
Республикасы, B40A6M8

Тел: +7 (727) 258 8888

Факс: +7 (727) 258 8889

